



**Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**

ХАБАРШЫСЫ

Педагогика ғылымдары сериясы



№ 1 / 2026



**ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

**имени Ш. УАЛИХАНОВА
Серия Педагогические науки**

**Ш.УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш.УАЛИХАНОВА**

Сайт журнала:
<https://vestnik.kgu.kz>

Меншік иесі **Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті КеАҚ**
Собственник **НАО Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова**

Бас редактор – Главный редактор
Смагулова Н.К., к.ф.н., асоц. профессор
Бас редактордың орынбасары
Шуюшбаева Н.Н., PhD, асоц. профессор
Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Капантайқызы Ш.	д.п.н., профессор (ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Қазақстан)
Тагирова С. А.	к.п.н., доцент (Башкирский государственный педагогический университет им. М. Акмуллы, РФ)
Кукубаева А.Х.	д. психол. н., профессор (Кокшетауский университет им. А.Мырзахметова, Қазақстан)
Калиев Ж.Н.	к.п.н., доцент (ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Қазақстан)
Обдалова О. А.	д. п.н., профессор (Томский государственный университет, РФ)
Чошанов М.А .	д. п. н (PhD), профессор (Техасский университет, США)
Люблинская И,	к.ф-м.н., профессор (Колумбийский университет, США)
Шумилова Е.А.	д. п.н., профессор, (Кубанский государственный педагогический университет, РФ)
Стукаленко Н.М.	д.п.н., профессор Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Қазақстан)
Кривирадева Искрева Б.	доктор философии, доцент (Софийский университет «Св. Климент Охридский», Болгария)
Танашева Н.К.	доктор PhD, ассоциированный профессор (Карагандинский университета имени Е. А. Букетова, Республика Казахстан)
Тулиндинова Г. К.	к.б.н., ассоциированный профессор (Павлодарский педагогический университет им. Ә. Марғұлан, Қазақстан)

**ISSN 2708-5295 (print) және
ISSN 3078-4948 (online)**

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
сериясы**

№1/ 2026

**серия ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ
НАУКИ**

Жауапты хатшы –
Отвественный секретарь
Курманова А.К.

2020 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2020 года
Выходит 4 рет шығады

Басуға 26.03.2026 ж. қол қойылды
Пішіні 60x84 1/12
Кітап-журнал қағазы
Көлемі 7 б.т.
Таралымы 200 дана
Бағасы келісім бойынша
Тапсырыс №26

Подписано в печать 26.03.2026 г.
Формат 60x84 1/12
Бумага книжно-журнальная
Объем 7 п.л.
Тираж 200 экз.
Цена договорная.
Заказ №26

Ш. Уәлиханов атындағы КУ
баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии
КУ имени Ш.Уалиханова

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 76
Тел.: + 7 (7162) 255597

Email: kokshetau_Ped_science@mail.ru

Индексируется в РИИЦ:
https://www.elibrary.ru/title_about_new.asp?id=166343

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

МҒТАР 14.25.05

DOI: <https://doi.org/10.59102/pedagogical/2026/iss1pp3-11>

Қайрбекова А.

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері, педагогика ғылымдарының кандидаты, педагог-зерттеуші. Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ait.kairbekova@gmail.com

<https://orcid.org/0009-0007-5020-6604>

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ – ҰЛТ ЖЕТІСТІГІ

Мақалада қазіргі білім беру кеңістігіндегі тәрбие жұмысын жүйелі ұйымдастырудың өзекті мәселелері қарастырылады. Зерттеуде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген мазмұны мен құрылымы талданып, оны білім беру процесіне енгізудің тиімді әдіс-тәсілдері сипатталады. Автор тәрбие жұмысын жоспарлаудың біртұтас тәсілін оқу процесінің ажырамас және толыққанды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Сонымен қатар жас ұрпақтың адамгершілік, отансүйгіштік, жауапкершілік, еңбекқорлық сияқты тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы тәрбиенің маңызы айқындалады. Мақалада педагогтер мен сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік ұсыныстар ұсынылып, «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидаттарын іске асырудың тәрбиелік мүмкіндіктері ашып көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жетілдіруге және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Кілтті сөздер: біртұтас тәрбие, ұлттық құндылықтар, рухани-адамгершілік тәрбие, жас ұрпақ, адал азамат.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде білім беру саласы қоғамнан жаңа талаптарды қажет етеді. Бұл салада инновациялық педагогикалық технологияларды жетік меңгерген, тәжірибелік іс-әрекет барысында өзіндік жолын қалыптастыра алатын шығармашыл педагог-зерттеушілер мен ойшыл ұстаздардың болуы аса маңызды. Білім беру ұйымдары деңгейінде барлық қатысушылардың өзара әрекеттестігі арқылы құндылыққа негізделген білім беруді жоспарлау, сынып немесе куратор сағаттарын оқу процесінің толыққанды әрі ажырамас бөлігі ретінде қарастыру, елдегі атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға байланысты іс-шараларды нәтижелі ұйымдастыру, сондай-ақ белгіленген көрсеткіштерге сәйкес тәрбие жұмысына жүйелі түрде ішкі бақылау жүргізу – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев білім мен ғылымды дамытуға байланысты педагогтер алдына нақты міндеттер қойғаны белгілі. Сол міндеттердің бірі – жас ұрпақтың сапалы білім алып, саналы тәрбиеге қол жеткізуі үшін елімізде жан-жақты жағдай жасау. [1] Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды айқындады. [3] Бұл құндылықтарға еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, тәуелсіздік пен отансүйгіштік, әділдік пен жауапкершілік, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп, жасампаздық пен жаңашылдық жатады. Ал ұлттық құндылықтар қатарында ұлттық мүдде, ар-ұят және талап ерекше орын алады. Осы аталған құндылықтар «Адал азамат» атты Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізін құрайды.

Адамзат тарихында тәрбие әрқашан ерекше мәнге ие болып келген. Әсіресе, ұлттың болашағы үшін тәрбиенің рөлі айрықша. Жас ұрпақты тәрбиелеу – жеке тұлғаның ғана емес,

тұтас қоғам мен мемлекеттің дамуына ықпал ететін маңызды процесс. «Біртұтас тәрбие» жүйесі жас буынның адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға, ұлттық сана мен мәдениетті сақтауға, қоғамның тұрақты дамуына бағытталған тәрбие үлгісін білдіреді. Қазақ халқының дәстүрлі тәрбиелік тәжірибесі ғасырлар бойы жинақталып, ұлттың болашағын айқындайтын негіздердің біріне айналды. Біртұтас тәрбие тек білім берумен шектелмей, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, бала бойына ізгі қасиеттерді орнықтыруды көздейді. [2]

Білім беру стандарттарында Абай Құнанбаевтың «Толық адам» тұжырымдамасы ерекше орын алады. Онда ыстық қайратты, нұрлы ақылды, жылы жүректі ұрпақ тәрбиелеу, келер буынға саналы әрі салиқалы білім беру, балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттау, қабілет-қасиеттерін дамыту қажеттігі атап көрсетілген. [6] Осыған байланысты мақалада «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтары, тәрбиенің түрлері және Ұлы Абайдың тәрбиеге қатысты ойлары қамтылған. Мақаланың басты мақсаты – мектеп оқушыларына заманауи тәрбие мен терең білім беріп, танымдық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыруға ықпал ету. Өз ойын сыни тұрғыдан жеткізе алатын, заман талабына бейімделген, білімге деген қажеттілікті сезінетін, Абайдың тәлімдік мұрасынан нәр алған азаматтарды тәрбиелеуде орта білім қызметкерлеріне, әдіскерлерге және жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету көзделеді. [7] Сонымен қатар ата-ана мен ұстаз арасындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы ұлттық тәрбие мен білім сапасын арттыруға басымдық беріледі.

Осы мақсатта мақалада әртүрлі тақырыптар бойынша тәрбиелік-танымдық жұмыстар ұсынылған. Ұстаздардың басты міндеті – көзқарасы айқын, парасаты биік, бәсекеге қабілетті жаңа буынды қалыптастыру. Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік қасиеттерге баулу барлық кезеңде өзекті болып қала береді. Біздің болашағымыз – жас ұрпақ, ал олардың тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Қазіргі мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті тәжірибесінде жаңашыл бағыттарды қолданса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз. Нәтижесінде мақала ұстаздардың кәсіби білімін арттыруға, балалармен жұмыс барысында жаңа тәсілдерді таңдауға, зерттеу мен шығармашылық қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді деген ой түйінделеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу - барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін, ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін, халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін, әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. [3] «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. [1] Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. «Адал азамат» Біртұтас

тәрбие бағдарламасының мақсаты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Ал міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін орындауға, жанұя сыйластығын қалыптастыруға, өз міндетін атқаруға бағыттау.

2. Ұлттық мұраның қадір-қасиетін білуге, ана тілін, мемлекеттік нышандарды қастерлеуге, достық және оны сақтауға, шынайы отаншылдық пен патриоттыққа тәрбиелеу.

3. Оқушыларды ізгілікке, игі істерге бағыттап, абырой мен ар-ұжданды қадірлеуге, намыс пен жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу маңызды. Сонымен қатар мейірімділік пен қамқорлықты өмірлік ұстанымға айналдыруға, әділдікті жоғары бағалауға баулу қажет. Мұндай тәрбие құқықтық мәдениетті қалыптастыруға және тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. 4. Салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулық сақтау жолдарын ұстануға, білім мен білік дағдыларын қалыптастыруға бағыттау.

5. Оқушыларды қоршаған ортаға және табиғи мұраға жауапкершілікпен қарауға үйрету – тәрбиенің маңызды бағыты. Балаларды табиғи ресурстарды үнемді пайдаланып, оларды тиімді қолдануға дағдыландыру арқылы экологиялық мәдениет қалыптастыруға болады. Сонымен бірге еңбекқорлыққа баулу, табиғатты аялау мен туған жердің байлығын қадірлеу жас ұрпақтың тұлғалық дамуына ықпал етеді.

НӘТИЖЕЛЕР

1. Оқушы ата-анасын құрметтеп, перзенттік парызын сезінеді. «Қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» секілді ұғымдардың мәнін түсініп, отбасы татулығы мен берекесін бағалайды.

2. Жас ұрпақ отансүйгіштік пен мемлекетшілдік қасиеттерін бойына сіңіріп, намысшыл әрі адал қызмет етуге дайын болады. Ол мемлекет тәуелсіздігін қорғауды азаматтық борыш деп санайды, ұлттық мәдениетті қастерлейді және салт-дәстүрлерді сақтауға ұмтылады.

3. Әрбір ісіне жауапкершілікпен қарап, әдептілік пен мейірімділікті өмірлік ұстаным етеді. Сөзінде берік, ісінде адал болып, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді. Ар-ұятты жоғары бағалап, қоғамда әділдікке негізделген қарым-қатынас орнатады.

4. Жан мен тән тазалығын сақтап, дұрыс тамақтану мәдениетін меңгереді. Эмоциялық тұрақтылықты қалыптастырып, өзін-өзі басқару дағдыларын дамытады.

5. Жас ұрпақ өз үйін, ауласын және қаласын таза ұстауға дағдыланады, қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды үйренеді. Табиғатқа жанашырлық танытып, туған жердің қайталанбас ерекшелігін бағалайды, оның бірегей болмысын түсінеді. Сонымен қатар адал еңбектің құндылығын жоғары қоя отырып, еңбекқорлықты өмірлік қағида ретінде қабылдайды.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға үлес қосу;
- Елдің оңтайлы бейнесін қалыптастыруға белсенді атсалысу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау және оны сақтау;
- Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту;
- Қазақстанның игілігі үшін қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғамға пайда тигізетін іс-әрекеттер жасау;
- Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріштеу.

Күтілетін нәтижелер:

- Оқушылар отансүйгіш, мемлекетшіл және намысшыл болады;
- Мемлекеттік рәміздерді құрметтейді;
- Ел тарихын қадірлейді;
- Ұлттық мұра мен мәдениетті дәріптейді;

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын ұстану;
- Адал еңбекті бағалау;
- Сөзінде берік, ісінде адал болу;
- Халқына адал қызмет етуге дайын болу;
- Әдеп нормаларын сақтау;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқорлық таныту, мейірімді

болу;

- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның және Отанның бір бөлшегі ретінде сезіну.

Күтілетін нәтижелер:

- Ар-ұят пен адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзінде берік, ісінде жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достары мен сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет көрсетіп, үлкенге құрмет білдіреді.

ТАЛҚЫЛАУ

Тәрбиенің маңызы адамзат тарихында әрқашан жоғары бағаланған. Әсіресе, ұлттың болашағы үшін тәрбие берудің маңызы ерекше. Жас ұрпақты тәрбие арқылы қалыптастыру - бұл тек жеке тұлғаның ғана емес, бүкіл қоғамның және мемлекеттің дамуына ықпал ететін маңызды үрдіс. Біртұтас тәрбие ұрпақтың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, ұлттық сана мен мәдениетті сақтау, қоғамның дамуына ықпал ету мақсатында ұйымдастырылатын тәрбие жүйесін білдіреді. Қазақ халқының тәрбиелік жүйесі ғасырлар бойы дамып, ұлттың болашағын құруға арналған негіздердің бірі болып қалыптасты. Біртұтас тәрбие - тек білім беру емес, сонымен қатар ұлттың ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, бала бойында жақсы қасиеттерді тәрбиелеу болып табылады. Біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты жас ұрпақты біртұтас тәрбие арқылы ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеп, қоғамға адал әрі жауапкершілігі жоғары азаматтарды даярлау. Ал міндеттеріне келер болсақ, олар мына төмендегідей болып саналады.

1. Ұлттық құндылықтарды бала санасына сіңіру.

2. Әр баланың бойында адамгершілік қасиеттер мен еңбекқорлықты тәрбиелеу.

3. Баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етіп, оның рухани және интеллектуалдық әлеуетін арттыру.

4. Қоғамдық тәрбие мен әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

5. Біртұтас тәрбие арқылы азаматтық және патриоттық тәрбие беру.

Біртұтас тәрбие жүйесінің негізгі ұстанымдарына тоқталар болсақ. Олар мына төмендегідей болып жіктеледі. Әрине, тәрбие бастауы отбасынан басталатыны сөзсіз.

1. Отбасы тәрбиесі. Отбасы - адамгершілік қасиеттер мен дүниетанымның алғашқы қалыптасатын жері. Балалар алғашқы тәрбие мен білімді отбасынан алады. Ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарасы, оның отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті, балаға көрсететін қамқорлығы - баланың тұлғалық қасиеттерін дамытудың негізі болып табылады.

Әдіс-тәсілдер: Ата-анамен тығыз байланыс орнату, отбасының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын балаға түсіндіру. Баланы жақсы мінез-құлық пен өнегелі болуға баулу. Әсіресе, ата-ананың өзіндік үлгі-өнегесі баланың мінез-құлқын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. [9]

2. Мектеп және білім беру ұйымдары. Мектептер мен балабақшалар - балаларды біртұтас тәрбие негізінде тәрбиелеудің екінші кезеңі болып табылады. Мұнда балалардың білім мен тәрбие алуына барлық жағдай жасалуы қажет. Білім беру мен тәрбиелеу бір-

бірімен тығыз байланысты. Әрбір бала өз елінің тарихы, мәдениеті мен өнерін, өз тілін құрметтеуге тәрбиеленуі тиіс.

Әдіс-тәсілдер: Ұлттық салт-дәстүрлерді, мақал-мәтелдерді, қазақтың ұлы тұлғаларының өмірі мен еңбектерін мектепте оқыту. Балаларға патриоттық тәрбие беру арқылы оларды ұлттық бірлік пен топтасуға, елге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға бағыттау.

3. Қоғамдық және әлеуметтік тәрбие. Қоғамдық тәрбие әр адамның қоғам алдындағы жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған. Балаларға өзара сыйластық, еңбекқорлық, әділеттілік, достық сияқты маңызды құндылықтарды үйрету қажет. Бұл тәрбие түрі адамның қоғамдағы орны мен міндетін түсінуге көмектеседі.

Әдіс-тәсілдер: Қоғамдық ұйымдармен бірге өткізілетін іс-шаралар арқылы балалардың қоғамдық жауапкершілігін арттыру. Балалар мен жастар арасында экологиялық тазалық, қоғамдық тәртіп сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу сияқты тақырыптарға арналған әңгімелер мен кездесулер өткізу.

4. Өзін-өзі тану және жеке тұлғаны дамыту. Әр баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда өзін-өзі тану және өз қабілеттерін ашу маңызды. Жеке тұлғаны дамытуда оның қайталанбас қасиеттерін, қызығушылықтарын ескеріп, барынша дамытуға көңіл бөлу қажет.

Әдіс-тәсілдер: Балаларға жеке тұлға ретінде сыйластықпен қарау, олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту. Өзін-өзі тануға, шығармашылыққа бағытталған арнайы іс-шаралар ұйымдастыру. Бұл іс-шаралар арқылы балалар өз болмысын түсініп, өзіне сенімді, өмірге бейім тұлға болып қалыптасады. [11]

«Адал адам - адал еңбек - адал табыс» үлгісінде мектеп оқушыларына тәрбие беру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. [3] Қазіргі қоғамда адамгершілік құндылықтар мен адалдықтың маңызы өте зор. Мектеп оқушыларының бойында осы құндылықтарды қалыптастыру - қоғамның болашағына үлкен әсерін тигізеді. Бұл ұстаным адамды тұлға ретінде қалыптастырып қана қоймай, оны дұрыс бағытта тәрбиелеуге де көмектеседі. Адамға адал еңбек, адал табыс, адал қарым-қатынас сияқты ұғымдарды түсіндіру арқылы жастардың рухани дамуына ықпал етуге болады. Адамгершілік қасиеттерді, әсіресе адалдықты тәрбиелеу - заман талабы. Мектепте осы қағидаларды насихаттай отырып, балаларды адал еңбек етуге, қоғамға пайдасы тигізуге, ізгілікке тәрбиелеуге болады.

1. Адалдық және адал еңбек ұғымы. Адалдық - бұл өз әрекеттерің мен сөздерінде шыншыл, әділетті болу, ешкімді алдамау, өтірік айтпау, әрқашан өз ісіңе жауапкершілікпен қарау деген сөз. Адалдық адамның жеке қасиеті ретінде қоғамда үлкен маңызға ие. Адам адал болғанда ғана өз ісіне қанағаттана алады, оның еңбегі бағаланады және қоғамға пайдалы болады. Адал еңбек - бұл тек жұмыс істеп қана қоймай, сол жұмысты адал ниетпен, қиындықтарға мойымай атқару. Еңбектің ең үлкен құндылығы оның адалдығында. Адамның еңбегі адал болғанда ғана, ол адал табыс табуға мүмкіндігі бар. [5]

2. Мектеп оқушыларына адалдық пен еңбек тәрбиесін беру. Адамгершілік пен еңбек тәрбиесін мектеп оқушыларына сіңіру үшін әр түрлі әдістер мен тәсілдер қолдануға болады:

2.1. Өмірде адал болу маңызды екенін түсіндіру. Оқушыларға адалдықтың, әділеттіліктің және шыншылдықтың маңыздылығын түсіндіру қажет. Бұл үшін:

- Тәрбие сағаттарында адалдық туралы әңгімелер өткізу, оқушыларға адалдықтың өмірде қалай маңызды екенін көрсету.

- Әдебиет сабақтарында адалдық пен әділдік туралы шығармалар оқу, олардан мысалдар келтіріп, адал адамның табысы мен жетістіктері туралы ой қозғау.

2.2. Адал еңбек пен адал табысқа үйрету. Оқушыларды тек оқу емес, еңбектің құндылығын бағалауға тәрбиелеу қажет. Еңбектің адамның өміріндегі орны, еңбектің арқасында алынған табыс қаншалықты қымбат екенін түсіндіру үшін: - Мектепшілік іс-шараларда еңбекпен айналысатын адамдардың, еңбегімен белгілі болған тұлғалардың өмірінен үлгі алуға бағыттау. - Топтық жұмыс пен жобалар арқылы оқушыларға бірге еңбек ету, жауапкершілікті бөлісу, бірлескен табысқа жету жолдарын көрсету. [8]

2.3. Адал еңбек арқылы жетістікке жету туралы мысалдар келтіру.

Мұғалімдер өз сабақтарында және тәрбие жұмыстарында оқушыларға адал еңбек пен табыс туралы нақты мысалдар келтіре алады. Бұл үшін:

Тұлғалар туралы әңгімелер: Әлемге танымал және еліміздің зиялы тұлғаларының (мысалы, Абай Құнанбайұлы, Әл-Фараби, Мұхтар Әуезов, Бауыржан Момышұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин және т.б.) өмірін, олардың адал еңбек пен батырлық арқылы жеткен жетістіктерін талқылау.

- Қазіргі заманғы мысалдар: Өз ісімен, еңбегімен белгілі болған адамдар туралы айту. Бұл жерде түрлі кәсіптің адал еңбек арқылы табысқа жеткен өкілдері туралы әңгімелер келтіруге болады.

2.4. Қиындықтарды жеңу мен адалдықтың рөлі. Адам өміріндегі қиындықтар мен сәтсіздіктерді еңсеруде адалдық пен еңбек үлкен рөл атқарады. Оқушыларды мұндай өмірлік қиыншылықтармен күресуге және олардан сабақ алуға үйрету маңызды. Бұл үшін: - Әңгімелер мен мотиваторлар арқылы қиындықтарды жеңіп, табысқа жеткен тұлғалардың мысалдарын келтіру; - Шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушыларға өз өмірлерінен қандай да бір қиындықты еңсерген сәттерін жазуға мүмкіндік беру.

2.5. Мектепте адал еңбекке баулу әдістері. Оқушыларға адал еңбек пен табыс туралы нақты үлгілер ұсыну үшін: - Өзін-өзі басқару мен жауапкершілік; Оқушыларды түрлі мектеп іс-шараларына қатыстыру, өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауға үйрету. Үлкендерге көмек көрсету: Мұғалімдер мен оқушылар арасында адал еңбектің қаншалықты бағаланатынын көрсететін түрлі тәжірибелер жасау. Мысалы, мектептің тазалығына, көгалдандыру жұмыстарына үлес қосу.

2.6. Тәрбиелік әдіс ретінде еңбекке баулу. Еңбек тәрбиесі оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Оқушыларды еңбекке қатыстыру арқылы:

- Қоғамдық пайдалы жұмыстар: Оқушыларға мектеп ауласын тазалау, көгалдандыру жұмыстарына қатысу, түрлі әлеуметтік жобаларда белсенділік көрсету арқылы еңбекке деген құрметті арттыру.

- Еңбек дағдыларын дамыту. Оқушыларды белгілі бір дағдыларға үйрету (қолөнер, пайдалы істер жасау) арқылы еңбек етудің маңызын түсіндіру. [8]

«Адал адам - адал еңбек - адал табыс» тақырыбы бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуде үлкен маңызға ие. Оқушыларға адалдық пен еңбек құндылықтарын түсіндіріп, осы қағидаларды өмірлерінде қолдануға үйрету - тәрбиенің негізгі мақсаты. Адал еңбек пен табыс арқылы ғана адам өз өмірінде шынайы жетістікке жетеді. Сондықтан мектепте осы ұстанымдарды насихаттау, оны күнделікті өмірде жүзеге асыру өте маңызды. Адал еңбек пен адал табысты мектеп оқушыларының бойына сіңіре отырып, оларды болашақта қоғамға пайдалы, адамгершілігі жоғары тұлғалар етіп тәрбиелеуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі күні басты назарда ұсталынатын мәселе «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын жүзеге асыру болып табылады. Жас ұрпақ бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру сынып сағаттары мен мектеп қабырғасында ұйымдастырылатын іс-шараларда, күнделікті оқу үрдісінде үнемі назарда болуы шарт болғандықтан, мұғалімдер мен сынып жетекшілері осы тұрғыда барлық оқыту мен тәрбие үрдісін осы мақсатта іске асырулары қажет. Біртұтас тәрбие - ұлт жетістігі үшін ең маңызды құралдардың бірі. Әр адамның бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, қоғамға жауапкершілікпен қарау және өз Отанына деген сүйіспеншілікті арттыру - бұл тәрбие жүйесінің басты мақсаты. Тек біртұтас тәрбие ғана ұлттың болашағын жарқын етіп, еліміздің дамуына үлес қосатын азаматтар тәрбиелеп шығаруға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. – Астана, 2023. – 85 б.

2. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы. – Астана, 2025., – 82 б.
3. Тоқаев, Қ. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында сөйлеген сөзі. [Электрон. ресурс]. – URL: <http://surf.li/tkqgn> (қаралған күні: 29.03.2026).
4. Әбу Насыр әл-Фараби. Әбу Насыр әл-Фарабидің ізгілікті қоғам жөніндегі идеялары. Retrieved May 7, 2024, [Электрон. ресурс]. – URL: <https://abai.kz/post/54153> (қаралған күні: 07.05.2024).
5. Ақыл-ой тәрбиесі. Ұлы дидактика / Коменский Ян Амос – М, Талап бойынша кітап, 2022. – 250 б.
6. Асқарбаева А. Абай қара сөзі - тәрбиенің қайнар көзі // Егемен Қазақстан газеті, – Нұр-Сұлтан, 2021.
7. Есенжолова А. Абай шығармаларын оқытудың тиімді әдістемелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2023.
8. Қуатбекова Р.А., Есен О.Е. Тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістері. – Шымкент, 2021. – 152 б.
9. Нұржанова А.Қ. Бала тәрбиесіндегі үштік одақ. – Астана:«Елордалық білім», 2023. – № 6(23). – 96 б.
10. Алдибекова Ә. Абайдың қарасөздеріндегі даналық ойлар, – Алматы, 2021.
11. Силюенкова В. В. Отбасы тәрбиесі. – Ташкент, 2023. – 150 б.
12. Ministry of Education (Singapore). 21st Century Competencies. [Electronic resource]. – Available at: <https://www.moe.gov.sg/education-in-sg/21st-century-competencies> (accessed 29.03.2026).
13. UNESCO. (2021). Global Education Monitoring Report [Electronic resource]. – 2021. – Available at: <https://www.unesco.org> (accessed 29.03.2026).
14. Care E., Kim H., Vista A., Anderson K. Education system alignment for 21st century skills: Focus on assessment // Center for Universal Education at the Brookings Institution. – 2018.
European Parliamentary Research Service. Implementation of citizenship education action in the EU. – 2021.

Единое воспитание — достижение нации

Кайрбекова А.

Методист ГККП «Методический центр» акимата города Астана, кандидат педагогических наук, педагог-исследователь. г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: ait.kairbekova@gmail.com
<https://orcid.org/0009-0007-5020-6604>

В статье рассматриваются актуальные вопросы системной организации воспитательной работы в современном образовательном пространстве. Анализируется содержание и структура программы «Біртұтас тәрбие», основанной на национальных и общечеловеческих ценностях, а также методы её внедрения в образовательный процесс. Автор рассматривает воспитательную работу как неотъемлемую и полноценную часть учебного процесса. Особое внимание уделяется формированию у подрастающего поколения нравственности, патриотизма, ответственности и трудолюбия. Представлены методические рекомендации для педагогов и классных руководителей.

Ключевые слова: целостное воспитание, национальные ценности, духовно-нравственное воспитание, подрастающее поколение, добропорядочный гражданин.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Программа «Біртұтас тәрбие». Астана, 2023. 85 с.
2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. – Астана, 2023. – 85 б.

3. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы. – Астана, 2025., – 82 б.
4. Тоқаев, Қ. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында сөйлеген сөзі. [Электрон. ресурс]. – URL: <http://surl.li/tkqgn> (қаралған күні: 29.03.2026).
5. Әбу Насыр әл-Фараби. Әбу Насыр әл-Фарабидің ізгілікті қоғам жөніндегі идеялары. Retrieved May 7, 2024, [Электрон. ресурс]. – URL: <https://abai.kz/post/54153> (қаралған күні: 07.05.2024).
6. Ақыл-ой тәрбиесі. Ұлы дидактика / Коменский Ян Амос – М, Талап бойынша кітап, 2022. – 250 б.
7. Асқарбаева А. Абай қара сөзі - тәрбиенің қайнар көзі // Егемен Қазақстан газеті, – Нұр-Сұлтан, 2021.
8. Есенжолова А. Абай шығармаларын оқытудың тиімді әдістемелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2023.
9. Қуатбекова Р.А., Есен О.Е. Тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістері. – Шымкент, 2021. – 152 б.
10. Нұржанова А.Қ. Бала тәрбиесіндегі үштік одақ. – Астана:«Елордалық білім», 2023. – № 6(23). – 96 б.
11. Алдибекова Ә. Абайдың қарасөздеріндегі даналық ойлар, – Алматы, 2021.
12. Силюенкова В. В. Отбасы тәрбиесі. – Ташкент, 2023. – 150 б.
13. Ministry of Education (Singapore). 21st Century Competencies. [Electronic resource]. – Available at: <https://www.moe.gov.sg/education-in-sg/21st-century-competencies> (accessed 29.03.2026).
14. UNESCO. (2021). Global Education Monitoring Report [Electronic resource]. – 2021. – Available at: <https://www.unesco.org> (accessed 29.03.2026).
15. Care E., Kim H., Vista A., Anderson K. Education system alignment for 21st century skills: Focus on assessment // Center for Universal Education at the Brookings Institution. – 2018.
European Parliamentary Research Service. Implementation of citizenship education action in the EU. – 2021.

Unified education is a national achievement

Kairbekova A.

Methodologist at the Municipal Public Enterprise “Methodological Center” of the Akimat of Astana, Candidate of Pedagogical Sciences, Teacher-Researcher. Astana, 010000, Kazakhstan
E-mail: ait.kairbekova@gmail.com
<https://orcid.org/0009-0007-5020-6604>

The article examines current issues related to the systematic organization of upbringing activities in the modern educational environment. It analyzes the content and structure of the “Birtutas Tarbie” program based on national and universal human values and describes effective methods for its implementation. The author considers upbringing as an integral part of the learning process and emphasizes the formation of moral values, patriotism, responsibility, and diligence among the younger generation.

Keywords: holistic upbringing, national values, moral education, younger generation, responsible citizen.

REFERENCES

1. Birtutas tarbie bagdarlamasy [Unified education program] (Astana, 2023).
2. “Адал азамат” birtutas tarbie bagdarlamasy [“Honest citizen” unified education program] (Astana, 2025).
3. Tokayev K. Speech of the Head of State “Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс” at the National Kurultai. Available at: <http://surl.li/tkqgn> (accessed 29.03.2026).

4. Al-Farabi A. N. Ideas about a virtuous society. Available at: <https://abai.kz/post/54153> (accessed 07.05.2024).
5. Komensky Ya. A. Uly didaktika [Great Didactics] (Moscow, 2022).
6. Askarbaeva A. Abai's words of edification as a source of upbringing, *Egemen Kazakhstan* (2021).
7. Esenzholova A. Effective methods of teaching Abai's works, *Kazakh language and literature* (2023).
8. Kuatbekova R. A., Esen O. E. Teoriya i metody vospitatelnoi raboty [Theory and methods of educational work] (Shymkent, 2021).
9. Nurzhanova A. K. Bala tarbiesindegi ushtik odak [Triad in child upbringing], *Elordalyq bilim*, 6(23) (2023).
10. Aldibekova A. Abai's words of wisdom [Abai's edifications] (Almaty, 2021).
11. Silienkova V. V. Otbasy tarbiesi [Family upbringing] (Tashkent, 2023).
12. Ministry of Education Singapore. 21st Century Competencies. Available at: <https://www.moe.gov.sg/education-in-sg/21st-century-competencies> (accessed 29.03.2026).
13. UNESCO. Global Education Monitoring Report (2021). Available at: <https://www.unesco.org> (accessed 29.03.2026).
14. Care E., Kim H., Vista A., Anderson K. Education system alignment for 21st century skills: Focus on assessment. Center for Universal Education at the Brookings Institution (2018).
15. European Parliamentary Research Service. Implementation of citizenship education action in the EU (2021).

**ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ МЕН
ӘДІСТЕМЕСІ
ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННО-
ГУМАНИТАРНЫХ НАУК**

FTAMP 14.25.07

DOI: <https://doi.org/10.59102/pedagogical/2026/iss1pp12-25>

Абдуллаева А.Ж.¹, Оралова Г.С.²

¹ PhD студенті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан. ORSID: <https://orsid.org/000900048599-1575>. E-mail: a.abdullaeva7979@gmail.com;

² Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан ORSID: <https://orsid.org/000000027616-5499>. E-mail: Gulzi-oralova@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ПОСТКОЛОНИАЛДЫ ТЕОРИЯМЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Бұл мақалада қазақ әдебиетін постколониал теория тұрғысынан қарастырудың әдіснамалық негіздері ұсынылады. Зерттеуде әдебиетті сөз өнері әрі дербес ғылым саласы ретінде қарастыра отырып, нақты көркем мәтінді постколониалдық көзқарас тұрғысынан талдау көзделеді. Сонымен қатар отарсызданған сана призмасы арқылы жаңа интерпретациялық мүмкіндіктер мен нарративтерді айқындау мақсаты қойылады.

Постколониал теорияның жетекші тұжырымдары, батыс ғылыми дәстүрінде қалыптасқан контрпунктты оқу әдісі және В.Изердің оқырманға бағытталған эстетикалық қабылдау теориясы талдаудың теориялық-әдістемелік негізі ретінде алынды. Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері» романы постколониалдық көзқарас тұрғысында қайта қарастырылып, мәтіндегі тарихи жады, ұлттық болмыс, рухани отарлау, қарсылық поэтикасы және нарративтік бірегейлік мәселелері кешенді түрде талданады. Мақалада романды контрпунктты тәсілмен оқу арқылы авторлық баяндау мен кейіпкер көзқарасының, тарихи шындықтың, көркем мәтіндегі отарланған не отарсыздануға ұмтылған сана формалары мен мәдени белгілерді ашу жолдары қарастырылады. Изердің эстетикалық концепциясы мәтінді пассив қабылдаушыдан белсенді интерпретатор деңгейіне көтеруге бағытталған тәсіл ретінде талданады.

Зерттеу аясында жүргізілген эмпирикалық тәжірибе (претест/посттест) Уилкоксонның таңбалы рангтар критерийі арқылы статистикалық өңдеуден өткізілді. Алынған нәтижелер оқыту бағдарламасының тиімділігін көрсетті, бұл студенттердің теориялық білім деңгейі мен интерпретациялық дағдыларының едәуір артқанын дәлелдейді. Сонымен қатар сапалық деректер (студенттердің рефлексиялық жазбалары, мәтін талдауы) постколониал теорияны қолдану олардың тарихи-мәдени белгілерді тану қабілетін кеңейтіп, шығарманы постколониал тұрғыдан жаңаша көзқараспен талдауға және көпқырлы түсінік қалыптастыруға ынталандырғанын көрсетті. Осы нәтижелер постколониалдық талдау әдістерінің әдістемелік тиімділігін нақты көрсете отырып, ұлттық әдебиеттануда жаңа ғылыми парадигмаларды қалыптастыруға, көркем мәтінді мән-мағыналық тұрғыдан терең талдауға және студенттердің сыни ойлау қабілетін жетілдіруге мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Кілт сөздер: постколониал әдебиет, деколонизация, экопостколониализм, нарратив, контрпунктты оқу, «басқаға айналдыру», қарсылық дискурсы, қосарланған сана, субалтерн.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Әдебиетті постколониал теориямен талдаудың негізгі идеясы – әдеби мәтінді жай эстетикалық туынды ретінде емес, билік, үстемдік, отарлау тәжірибесі және оның саналық-

мәдени салдарлары тұрғысынан оқу. Бұндай талдау түрі әдебиетті өткеннің қалай бейнеленгенін, қалай сыналғанын немесе мәтін астарында не жасырылғанын зерттейді.

КІРІСПЕ

Еліміздің әлемдік геосаяси кеңістікте дербес мемлекеттігін жариялағанына 35 жыл уақыт өтсе де ресми деңгейде отарсыздандыру саясаты жүргізілмеді дегенімізбен, «Мәдени мұра» (2004-2011), «Рухани жаңғыру» (2017-2022) мемлекеттік бағдарламаларының аясындағы зерттеу еңбектерінде, халықтың тарихи-мәдени мұрасын қайта қалпына келтіруде, тарихты қайта жазуда ғалымдарымыз өлшеусіз еңбек сіңірді. Ұлттың өзіндік кім екенін тануға, ұлттық болмысын табуға, ұлттық сана, тарихи жадысын жаңғыртуға ұмтылған ұлт ретінде тәуелсіздіктің елең-алаңынан әсіресе филология ғылымында зар заман дәуір тудырған әдебиет, Алаш әдебиеті отаршыл кезеңнің қасаң көзқарасынан аршып алына бастады. Бұған қазақ әдебиетіндегі этнодеформация мәселелерін зертте [1, 2] тақырыптары қосылды. Сананың екіге жарылуы, ұлттық сананың өзгеріске түсуі, кері кетушілік, деформацияға ұшыраған қоғам мәселелері отаршылдық салдары емес деп айта алмаймыз. Алайда бұл оқыту бағдарламаларын деколонизациялау үдерісі үшін жеткіліксіз еді. Отаршылдық кезеңді бастан өткерген мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенсек, ЖОО-да әдеби шығармаларды постколониал теориямен талдау өзекті мәселелердің бірі.

Кейінгі жарты ғасырда әлемдік әдебиеттану ғылымында ең ықпалды бағыттардың бірі саналатын постколониал теория арқылы 1980 жылдары жазылған қазақ әдеби шығармаларын талдау тек сананы отарсыздандыру (деколонизация) үдерісіне қосқан үлес болып қана қоймай, әдеби талдаудың жаңа әдістемесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Біріккен Ұлттар Ұйымының дерегі бойынша әлемнің жартысынан астамы, шамамен 140 мемлекет, колониалды кезеңді бастан өткергенін ескерсек, постколониал теорияны қолдану арқылы әдеби канондарды қайта қарастырумен қатар, отарлық тәжірибенің тілдік-мәдени әсерін түсіндіру және ЖОО студенттеріне қазіргі әлемдік әдеби процесті тануға қажетті әдістемелік кілт ұсыну мүмкіндігі туындайды.

Постколониал теория – бұрынғы отарланған халықтардың тәжірибесін, отарлау жүйесінің адамдарға, мәдениетке, тілге, санаға қалдырған ізін зерттейтін гуманитарлық бағыт [3]. Постколониал теориясы тек өткенді ғана емес, тәуелсіздік алғаннан кейін де жалғасатын мәдени, саяси және танымдық тәуелділіктерді талдауға мүмкіндік береді. Постколониал теорияның әдебиеттанудағы негізгі мақсаты – отарлық кезең мен оның зардаптарын әдеби шығармалар арқылы зерттеу. Қазақстан жоғары оқу орындарында қазақ жазушыларының шығармаларын постколониал теория тұрғысынан талдау бағытындағы зерттеулерді дамыту маңызды, сол себепті зерттеу жұмысымызда постколониал талдау әдістері мен оны оқытудың тәсілдерін қарастырдық. ЖОО студенттеріне постколониал теорияны пайдалана отырып, қазақ әдеби шығармаларын талдау олардың тарихи-мәдени мәнін түсіндіру мүмкіндігін береді. Мәселен, Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері» романы мектеп бағдарламасының гуманитарлық-қоғамдық бағыттағы жоғарғы сыныптарында оқытылатынындай, тек экологиялық шығарма ретінде қарастыру әділетке сай болмас еді. «Тоталитарлық режим билеп-төстеп тұрған кезде жазылған» [4] бұл роман отаршылдық саясатқа қарсы батыл үн қосады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – әдебиетті сөз өнері әрі дербес ғылым ретінде қарастыра отырып, аталған романды постколониал көзқарас тұрғысынан талдау арқылы отарсызданған сана призмасынан туындайтын жаңа нарративтерді айқындау.

Зерттеу жұмысының теориялық, талдау және әдістемелік-педагогикалық міндеттері:

1. Постколониалды теорияның негізгі ұғымдарын ғылыми-тұжырымдамалық тұрғыдан түсіндіру;

2. Постколониалды көзқарас негізінде талдау барысында студенттердің романдан нақты мысалдар келтіруін қамтамасыз ету;

3. Постколониал әдебиетті оқытудың әдістемелік тәсілдерін ұсыну және эмпирикалық зерттеу арқылы олардың тиімділігін көрсету.

Әдебиетті постколониал теориямен талдаудың негізгі идеясы – әдеби мәтінді жай эстетикалық туынды ретінде емес, билік, үстемдік, отарлау тәжірибесі және оның саналық-мәдени салдарлары тұрғысынан оқу. Бұндай талдау түрі әдебиетті өткеннің қалай бейнеленгенін, қалай сыналғанын немесе мәтін астарында не жасырылғанын зерттейді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Постколониал теорияның негізін қалаған «Ориентализм» кітабының авторы, американдық әдебиет сыншысы Эдуард Саидтың тұжырымына сүйенсек, Батыс (Оксидент (Occident) – Батыс әлемін, әсіресе Еуропа мен Солтүстік Американы білдіретін мәдени-өркениеттік концепт, өзін өзі әмбебап мәдениет ретінде көрсететін күш) Шығысты (Ориент (Orient) – Шығыс туралы Батыс қалыптастырған идеологиялық, мәдени, саяси образ, «өзге, «экзотикалық», «Шығыс» ретінде жасалған кеңістік) шындық күйінде емес, өзіне пайдалы стереотиптер арқылы «ойлап тауып», мәдени үстемдік танытады. Бұл – Батыстың Шығыс туралы білімі – ғылым емес, саяси биліктің құралы деп есептейді, яғни Батыс та, Шығыс та табиғи категория емес, олар идеологиялық құрастырылған бейнелер [3]. «Шығыс халықтары өзін өзі таныстыру құқығынан айырылды, олар туралы әңгімені Батыс айтып отырды. Батыстың үстемдігі «артта қалған халықтарды дамыту» деген желеумен отарлауды ақтау механизміне айналды» [3] деген ойлар постсоветтік қазақстандықтар үшін де жақсы таныс. Қазіргі постколониал теорияның кілтсөздері саналатын гибридтілік, мимикрия, амбиваленттілік, «үшінші кеңістік» ұғымдарының авторы, профессор Хоуми Бхабханың негізгі идеясы отарланған халықтың мәдениеті мен отарлаушы мәдениет арасындағы аралас, динамикалық тұрақсыз кеңістіктерді түсіндіруге бағытталған. Отарлау – тек үстемдік тарихы емес, ол мәдениеттердің араласуы, өзгеруі, жаңа кеңістіктің пайда болуы [5]. Отарланған тұлға – пассив объект емес, актив, жаңа мән тудыратын субъект [5]. Постколониал теориядағы ең күрделі әрі өткір ойлы ғалымдардың бірі Гаятри Спивактың негізгі тұжырымы: тарихтан, білімнен шеттетілген адамдар (субалтерн) өз дауысын әлемге жеткізе алмайды, оларды басқалар сөйлетеді, басқалар түсіндіреді. Талқылау – олардың дауысын қайта өшіру [6]. Мәселен, отарланған халықтар туралы жазатын ғалымдар оларды өкіл ретінде сөйлетемін дейді де, шын мәнінде, олардың орнына өз идеясын таңады, яғни «өкіл болып сөйлеу» – дауысты ашу емес, қайта басу. Сондықтан мәтінді талдағанда ең маңыздысы: Кім сөйлейді? Кім үндемей қалды? Постколониалды әдебиеттің басты қызметі – «үнін өшірген» халықтың сөзін қайтару. «Үшінші әлем» елдерін отарсыздандыру күресіне атсалысқан танымал теоретик Франц Фанонның негізгі идеясы – қара адамның «ақ болуға» ұмтылуы – мәдени бетперде, өзін өзі жоққа шығару [7]. Фанонның отарланған сана, отарланған адамның психологиялық жарақаты жайында айтқан ойлары қазақтың «қара орысты көргенде сары орыспен жылап көрісерсің» деген сөзін еске түсіреді. Фанонның «Өлім аузындағы отаршылдық» кітабының негізгі идеясы – қарсылық мәдениеті. Кітапта Алжир халқының отарлық қысымның әсерінен тілін, дәстүрін, әлеуметтік құрылымын қалай өзгерткенін баяндайды. Отарлау жағдайында қоғамның мәдениеті қарсылық құралына айналады деген ойды айтады [8]. Демек отарсыздану – бір халықтың не бір елдің мәселесі емес, бұл әлемдік әділетсіздікке қарсы қозғалыс. Отарлау адамды да, қоғамды да жаралайды. Бостандық сол жараны танудан, жүйені түбегейлі ыдыратудан басталады [8]. Жалпы, постколониал теорияны дамытушы, заманауи жаңа концепт жасаушы зерттеушілер мұнымен тоқталмайды. Біз бұл мақалада постколониал теория арқылы оқытудың педагогикалық-әдістемелік аспектісін қарастыруда қолданылатын негізгі тұжырымдардың авторларын ғана алып отырмыз. Аталған ғалымдардың идеяларына сүйене отырып, постколониал теория зерттейтін отарлаушы мен отарланған халықтың қарым-қатынасы, мәдени гегемония, мәдени гибридтілік, болмыс дағдарысы мәселелерін әдеби шығарманы талдау арқылы түсіндіру санадағы отарлық стереотиптерді бұзуға көмектеседі әрі колонияланған ой-танымды ұлттық

сәйкестендіру, ұлттық болмыс, ұлттық сана, ұлттық жад тұрғысынан қайта бағдарлайды. Әдебиеттің отарлық эпистемологияны демонстрациялайтын ғылыми қызметі де [9] осыған саяды.

Постколониал теорияны оқытуда Э.Саидтың контрапункты оқу әдісін немесе Спивактың субалтерннің үнсіздігін талдау әдісін қарастырсақ, мәтін арқылы үстем «өркениет әкелуші күш» пен оған қарсы тұрған үн қатар талданады. Контрапунктық әдісте орталық және отарланған дауыстар бір уақытта параллель түрде оқылады. Әдістемелік тұрғыдан студенттерге мәтіндегі үстем идеологияны анықтау, мәтіннің сыртқы мәнін қосу, көрінбейтін немесе жасырылған «басқа» дауысқа назар аудару, қарсы баяндауды қалпына келтіру, екі дауысты қатар оқудан туатын жаңа синтезді табу тапсырмалары беріледі. Осылайша өркениет миссиясы, расизм, отарлық басқарудың «заңдылығы», тарихи колониялық саясат арқылы үнсіз қалған отарланған тұлғалар, шеткері образдар танылып, отарланған халықтың тәжірибесі көрсетіледі, мәтіннің күрделі, көпқабатты мәні ашылады.

Қазақ әдебиетінің классигі М.Мағауиннің 1983 жылы жарияланған «Шақан шері» романы [10] жарық көрген 80 жылдар «көркем өнердегі таптық доктрина, «социалистік гуманизмге» негізделген «жаңа адам» бейнесін жасау талаптары толық күшін жоймаса да, жасанды ұғымдар солғын тарта бастаған» [11] кезең еді. Роман кеңестік-тоталитарлық жүйенің қазақ қоғамындағы рухани ахуалды қалай бұзғанын, жеке адам тағдырына қалай әсер еткенін көркем-психологиялық деңгейде көрсетеді. Сондықтан екі апталық теориялық дәрістерден соң өткізілген ашық семинар сабақта «Шақан шері» романы практикалық талдау негізі етіп алынды. «Шақан шерінің» ресми сюжеті – аңшылық дәстүр, жолбарыс аулау, экология тақырыбы. Контрапунктық оқуда Шақанның «шер» (қайғы) толық мінезі – кеңестің экономикалық саясаттың (жерді бұзу, аң-құс ортасын талқандау) астарлы сынағы. Шығарманың табиғатпен үндес әлемі – тарихи жады. Аңшылық мәдениеті, дала философиясы, еркіндік рухы – моральдық, мәдени шеңбер ретінде көрінеді. Контрапунктық оқу әдісінде билік логикасы жолбарысты «жыртқыш», «қауіпті күш» деп анықтайды. Шығарманың жасырын астарында жолбарыс даланың заңын білетін, өзінің орны бар, экожүйенің бір бөлігі ретінде көрінеді. Постколониал әдебиеттануда контрапунктық оқыту студенттерге мәтінді сыни тұрғыдан түсіндіруде аса маңызды.

Зерттеу жұмысында аралас әдіс қолданылды, оның құрамына сапалық және сандық әдістер кірді. Эмпирикалық әдіс аясында студенттердің постколониалды теория бойынша білім деңгейін бағалау үшін претест және посттест алынды. Алынған нәтижелер SPSS бағдарламасында статистикалық өңдеуден өткізілді.

Зерттеу үлгісіне Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Гуманитарлық-педагогикалық институты» Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламасының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының төртінші курс студенттері кірді. Қатысушылар саны – 67. Зерттеу 2025–2026 оқу жылының I академиялық кезеңінде «Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет» пәні аясында жүргізілді.

Әдістемелік жағынан жұмыс бірнеше элементтерді қамтыды:

